

Авиажөндеу кешенін жекешелендірудің және дамытудың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 маусым N 676

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ заң күші бар Жарлығына сәйкес және жоғары технологиялы қазақстандық авиажөндеу кешенін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен "N 405 авиажөндеу зауыты" (бұдан әрі - "N 405 авиажөндеу зауыты" ААҚ) мен "N 406 АА авиажөндеу зауыты" (бұдан әрі - "N 406 АА авиажөндеу зауыты" ААҚ) ашық акционерлік қоғамдары акцияларын көрсетілген акционерлік қоғамдардың акциялары мемлекеттік пакеттерінің 60%-ы мөлшерінде сауда-саттық өткізу жолымен біртұтас лотпен сатуды жүзеге асырсын;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісім бойынша екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне "N 405 авиажөндеу зауыты" ААҚ пен "N 406 АА авиажөндеу зауыты" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату шарттары жөнінде ұсыныстар берсін.

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне" деген бөлімдегі реттік нөмірі 232-жол алынып тасталсын.

4. "N 406 ГА Авиажөндеу зауыты" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қыркүйектегі N 1194

P011194_

қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.